

математическую и алгоритмическую культуру, привить интерес, т.е. повысить мотивацию к изучению информатики через показ, как принципов работы СУБД, так и эффективных решений реальных баз данных.

Список использованных источников

3. Угринович Н.Д. Преподавание курса «Информатика и ИКТ» в основной и старшей школе. Методическое пособие для учителей. – М.: БИНОМ, 2004, 2005.

4. Лапчик М.П. Семакин И.Г. Хеннер Е.К. Методика преподавания информатики: Учеб.пособие для студ. пед. ВУЗов/ Под общей редакцией М.П. Лапчика М.П.: Издательский центр «Академия», 2001. – 624 с.

5. Вейскас, Дж. Эффективная работа Microsoft Access 2003. / Дж. Вейскас. СПб: Питер, 2005. – 168с.

6. ТимошокТ.В. MicrosoftAccess 2003. Самоучитель: - М.: Издательский дом «Вильямс», 2004.

Хасанова С.Б.¹, Амангелді А.А.²

1. *Ғылыми жетекші, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы*

2. *«Информатика» мамандығының 4 курс студенті, информатика жэнекомпьютерліктехнологияларкафедрасы*

ISPRING ПАКЕТІНІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі жаңа оқыту технологияларын дайындауды талап етеді. Бірінші кезекте оларға электрондық басылымдар: *электрондық оқулықтар, мультимедиалық оқыту құралдары мен әртүрлі құрылғыларға жазылған электрондық жазбалар жатады.*

Осындай мультимедиалық құралдардың бірі*iSpring*қашықтықтан оқыту жүйесіне арналған бағдарлама. **iSpring компаниясы** – электронды оқытуды ұйымдастыруға арналған кәсіби құралдар жасаудағы жетекші компаниялардың бірі. Компанияның өнімдері жоғары сапасы, инновациялығы, техникалық қолдаудың жоғары деңгейлі болуына байланысты дүниежүзі бойынша өзіндік орынға ие [1].

iSpring Suite бағдарламасының мүмкіндіктері:

- PowerPoint эффектілері мен анимацияларын электронды курс форматына сапалы түрлендіру;
- курсқа аудио/бейне (видео) форматындаға құжаттарды үстемелеу;
- интерактивтік жаттығулар мен анықтамалықтар құру мүмкіндігі;
- тест қолдану арқылы ағымдық үлгерімді бақылау, сауалнамалар мен сұраулар құрастыру.

iSpring Suite – PowerPoint бағдарламасы базасында презентациялар, электрондық курстар, тесттер, интерактивтік файлдар құруға арналған


бағдарламалық пакет. iSpring Suite бағдарламасына 6.0 версиясынан бастап электронды оқыту өнімдерін құруға арналған бірқатар жаңа мүмкіндіктер қосылған. *iSpring Suite өзіне үш бірдей өнімді біріктірген*: iSpring Pro, iSpring QuizMaker және iSpring Kinetics. iSpring Suite 6.2 бағдарламасында Flash презентациялар құру үшін - iSpring Pro, тесттер мен сауалнамалар құруды iSpring QuizMaker өзіне біріктірген, интерактивтік файлдар құру үшін iSpring Kinetics үйлестірілген.

Таңдалған дәріс тақырыбы бойынша презентация құру үшін **iSpring Pro** бөлімін таңдаймыз. Таңдау нәтижесінде Power Point бағдарламасын іске қосуға арналған терезе ашылады (сурет 1).



Сурет 1. iSpring Pro бағдарламасының негізгі көрінісі

Ашылған сұхбаттасу терезесінің оң жақ төменгі бөлігінде орналасқан Power Point іске қосу (Запустить Power Point іске қосу) батырмасын таңдаңыз. Power Point бағдарламасы іске қосылған соң оның интерфейсінің *iSpring Suite* бағдарламасы элементтерімен толықтырылғанына көз жеткізіңіз (сурет 2).




Сурет 2. Power Point бағдарламасы интерфейсінің iSpring Suite бағдарламасы орнатылғаннан кейінгі көрінісі

iSpring QuizMaker — интерактивтік тесттер мен сауалнамалар құрастыруға арналған кең мүмкіншілікті қолдануға жеңіл бағдарламалық құрал. Мұнда сұрақтарды 11 түрлі типте формула, сурет, бейне (видео), аудио қолдауларымен ұсынуға болады; тестті тапсыру уақытын, тест тапсыру мүмкіндіктерін,

нәтижелерді электронды пошта немесе сервер арқылы жолдауға, Microsoft Word-қа экспорттауға, сұраққа берілген жауапқа байланысты хабарламалар шығаруға болады.


Бағдарламада тест құрастыру үшін Power Point бағдарламасы интерфейсінен **Тест** батырмасын таңдаңыз (Сурет 3).



Сурет 3. Тест батырмасын таңдау

iSpring Visuals қосымшасы кітап және тақырыптық каталогтар құру мүмкіндіктерін ұсынады. мәтіндік және графикалық ақпараттардан тұрады. Сондай-ақ, құрылған кітап пен каталогтарды Интернет желісіне, мобильді құрылғыларға жүктеу, орнату мүмкіндіктері берілген.

Бағдарлама көмегімен жасалған сандық білім беру контенттері оқу мәліметтерін білімгерге ұсыну, лекция, семинар, практикалық тапсырмалар жасақтау, шығармашылық жобалар орындау барысында тиімділігі айқын.



Сурет 4. Құжат түрін таңдау терезесі

Мультимедиа компьютерлік технологияларын қолану арқылы оқу материалын баяндау аудиториялық сабақтар әр білім алушыға түсінікті болып қана қоймай, сонымен қатар уақытты үнемдеу мүмкіндігін береді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі білімгердің жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуды игертіп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарын қалыптастыруына жол ашуы сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.ispring.ru/ispring-suite>.
2. ДузбаеваР.М. Формирование готовности студентов к интерактивному обучению. Алматы: Улагат, 2002.

Оспанова Ш.Б.¹, АманжоловаА.Р.²

1. *Ғылыми жетекші, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы*
2. *«Информатика» мамандығының 4 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы*

BORLAND C++ BUILDER ПРОГРАММАЛАУ ТІЛІ – ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІК КҮРДЕЛІ ТІЛ

Адамзат дамуының жаңа кезеңі ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, оның негізін компьютерлік технология құрайды. Сол себепті де бүкіл дүниежүзінде ең алдымен ақпараттық жаһандану үрдісі жаппай етек алууда. Оның таңғажайып көрінісі болса, «адам - компьютер - Интернет» байланыс жүйесі деп атап айтар едік.

ҚР-сында осы ақпараттық өркениет үрдісінен шығу үшін «Қазақстан 2030» стратегиясынан бастап, Елбасының дәстүрлі Жолдаулары бойынша барлық жағдайлар жасалып келеді. Әсіресе, білім беру саласы барынша ақпараттандыру (информатизация) мақсаты жүзеге асырылып отыр. Бұған қажетті заңнамалар мен бағдарламалар қабылданған.

Әлемдік өркениет жолмен бағытталған Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» десе, ол үшін жаңа ақпараттық технологияларды оқытуды міндет етеді. Бір сөзбен айтқанда, басты мақсат білім сапасын арттыру арқылы әлемдік білім кеңістігіне кіре білу болады. Міне, сондықтан да қазірден бастап, «Объектіге бағытталған тілдер және программалау технология» пәндерінде әлемдік деңгейге жеткізе оқыту талабы қойылып отыр. Осыған сай айта кету қажет, егер «нені оқыту керек?» деген сауалға мемлекеттік білім стандарттары жауап беретін болса, «қалай оқыту керек?» деген мәселе мұғалімдер біліктілігімен тікелей байланысты.